



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Список использованных источников:

1. Альмухамбетов Б.А., Бенцион Я.С. Методическая работа с педагогическими кадрами: подходы, проблемы, поиски, решения. -Алматы, 2009.
3. Бейсенбаева А.А., Мендигалиева Г.К. Теоретические основы интеграции науки и практики в инновационных типах школ. -Алматы, 2009.
4. Ащепков В.Т. Профессиональная адаптация преподавателей высшей школы: проблемы и перспективы. - Ростов-на-Дону, 2007. -144 с.
5. Ащепков В.Т. Теоретические основы и прикладные аспекты профессиональной адаптации преподавателей высшей школы: Автореф. дисс. на соиск. ученой степени докт. пед.наук. - Ростов-на-Дону, 2008. -43 с.
6. Венгер А.Л. Структура психологического синдрома // Вопросы психологии. - 2015.- № 4.- С.82-92.

ӨОЖ 378.05.013

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұғман Гүлмарал Нұрланқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «5В012300- әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі –Шолпанқұлова Г.К.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауында: «Ұлт денсаулығы – табысты болашағымыздың негізі. Денсаулық сақтау саласындағы негізгі басымдықтардың бірі - сапалы және қолжетімді медициналық қызметтер көрсетумен қамтамасыз ету; т.б. Денешынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады» - деп тұжырымдайды [1].

Адамның денсаулығы жалпыадамзаттық және жеке болмыстың күрделі феномені болып саналады. Сондықтан *жастардың денсаулығы ұлттық құндылықтардың бірі* және мемлекет саясатының басты бағыты болып саналатынын ескерсек, бүгінде әлемдік жаңа технологияларды пайдалана отырып, адамның денсаулық әлеуетін сақтау және дамыту, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру маңызды мәселе.

Осы орайда алдымен «денсаулық», «салауаттылық», «салауатты өмір салты» және одан туындайтын ұғымдарға назар аударылды.

ДДҰ-ның (дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы) анықтамасы бойынша: «денсаулық дегеніміз – аурудың немесе дене кемтарлығының жай ғана жоқ болуы емес, физикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан ойдағыдай толық күйі» [2].

Медициналық терминдердің энциклопедиялық сөздігінде «денсаулық – ауру және дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, денеде рухани әлеуметтік есен-саулықтың толық сақталуы» деп анықталады [3].

Денсаулықтың физикалық (денелік), рухани (адамгершілік), психологиялық (психикалық) және әлеуметтік деген түрлері бар:

- физикалық (денелік) денсаулық – адам ағзасының сыртқы орта әсерлеріне бейімделу қасиетінің жоғары дәрежелі жағдайда болуы;
- психологиялық денсаулық – психикалық өріс күйі, ауруды болдырмау;
- әлеуметтік денсаулық – жеке тұлғаның айналадағы өмірмен қарым-қатынас дәрежесі.
- рухани (адамгершілік) денсаулық, адам тіршілігінің мотивациялық, ақпараттық қажеттіліктерінің кешені. Адам денсаулығының адамгершілік компонентінің негізін индивидтің әлеуметтік ортадағы мінез-құлық мотивтері, ұстанымы, құндылықтар жүйесі анықтайды.

Денсаулықтың болуы еңбек, жүйелі тамақтану, салмақтың тұрақтылығы, шынығу сияқты шарттарға тікелей байланысты болады

Халық арасында «денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - деп оған ерекше мән берілгені мәлім. Ата-бабаларымыздың дана ой-пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған ақиқат шындық. Олай болса, денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы және ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үнемі өзгерісте болады. Оны сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс-әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік-жігер қажет, онсыз баянды әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын.

Өмір салты адамның белсенді тіршілік әрекетінің түрі ретінде қарастырылатын, оның денсаулығындағы өзгерістің негізгі тенденциясын анықтайтын жалпы жетекші фактор. Өмір салты күрделі құбылыс ретінде әлеуметтік адамзаттың өмір сүруі үшін оның күнделікті тұрмысында болып жататын өзара қарым-қатынастың жиынтығы, ол өмір деңгейі мен сапасына, өмір сүру стилі мен тәртібіне және олардың құрылымына байланысты.

Өмір сүру деңгейі – адамдардың рухани және материалдық қажеттілігін қанағаттандыруда оның көлемі мен сипатын көрсететін әлеуметтік-экономикалық категория. Өмір сүру деңгейінің өмір салтына үнемі әсер ететіні белгілі. Себебі өмір сүру деңгейін көтермей, адамдарды қажетті заттармен қамтамасыз етпей, сапалы өмір салты болуы мүмкін емес. Өмір сүру деңгейі адамдардың күнделікті рухани және материалдық қажеттілігін қанағаттандыру арқылы анықталады. Жалпы алғанда, қажеттілік табиғи (адамның өмір сүруін қамтамасыз ететін заттар) және қоғамдық (даму барысында адамдардың әлеуметтік және рухани қажеттілігін қанағаттандыру үшін жасалынады) болып бөлінеді. Қоғам дамыған сайын адамдардың талғамы да өсіп, жаңа тарихи қажеттіліктерді тудырып отырады. Адам қажеттіліктерінің ең жоғарғы деңгейі құндылықтарды тану және оларды қабылдау болып саналады. Қажеттіліктің мүддеге, оның мақсатқа, арманға, бақытқа айналуы адам өмірінің даму заңы болып табылады.

Өмір сүру сапасы - адамды материалдық қамтамасыздандыру дәрежесі, өлшеу параметрі, ол әлеуметтік категория ретінде адамдардың рухани, саяси, мәдени, этникалық, эстетикалық және т.б. қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін көрсетеді. Өмір сүру сапасының маңызды бөлігі рухани құндылықтың сипаты, мінез-құлықтың нормалары, еңбек пен бос уақыттың шығармашылық мәні, эстетикалық рахат, т.б., яғни адам өмірінің рухани көрсеткіші. Жеке адамның өз өмір тіршілігіне және жағдайына субъективті баға беруі өмір сапасы үшін маңызды. Өмір сүру сапасы және оның элементтері рухани, әлеуметтік, саяси ортада үлкен мәнге ие болып, адамдардың өмір салтына әсер етеді. Өмір сүру сапасын көтеру өмір салтын жетілдірудің шарты болып табылады. Сапалық көрсеткіштер ең алдымен адамдардың әлеуметтік бостандығын, олардың рухани және мәдени құндылықтарды бағалай білу дәрежесін көрсетеді.

Өмір сүру стилі - мінез-құлықтың психологиялық жеке ерекшеліктерін айқындайтын психологиялық категория. Өмір стилі өмір салты көріністерінің бір түрі. Ол өмір салтының белгілі бір заңының шеңберінен шығып кете алмайды. Өмір сүру стиліне географиялық жағдай, табиғат факторы, тарихи қалыптасқан дәстүр, ұлттық рухани-психологиялық қатынас, дін, т.б. әсер етеді. Өмір сүру стилі адамның күнделікті іс-әрекетіндегі мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттайды, соның ішінде өмір ырғағының қарқынын және тұрмыстағы әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, адамдардың өзара қатынасынан, ұлттық-этникалық, әлеуметтік-мамандық белгілерінен жиі көруге болады. Адамдардың стилі тек өмір салтының ерекшелігіне емес, сонымен қатар оның жеке психикасына, мүддесіне және қажеттілігіне байланысты. Жеке тұлғаның өмір стилі - өмір жағдайын өзінше қабылдаған сол адамның өзіне тән ерекше әрекет тәсілі және индивидтік қайталанбайтын психикалық мінезіндегі ерекшелік кескініне сәйкес келеді.

Сондықтан *өмір сүру стилі, біріншіден*, жалпы қоғамның, әлеуметтік топтың және жеке адамның өмір салты құрылымындағы элементтермен белгіленеді; *екіншіден*, өмір стилінде көрсетілген категориялар өмір салты құрамындағы компоненттердің

басымдылығына байланысты; *үшіншіден*, жеке адамның мінезіндегі ерекше қайталанбас индивидтік көріністің атқаратын рөліне байланысты деп тұжырымдауға болады.

Өмір сүру тәртібі - өмірдің ұлттық-қоғамдық тәртібі, тұрмыс, мәдениет, ол өмір сүру дағдысын көрсетеді. Ол адамның өмір сүрудің мәнін, деңгейін, стилін жеке ұғынып, күнделікті іс-әрекетінде қолданып дағдыға айналдыруы. Өмір сүру тәртібі адамның өмірдегі салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениет, т.б. әдеттік іс-әрекеттерін көрсететін әлеуметтік-экономикалық категория. Бұл категория тұрақты, себебі ол тарихи, қоғамдық, ұлттық және отбасылық тәлім-тәрбиеге байланысты.

Сонымен қатар өмір салты құрылымының сипаттамасына адамның еңбек іс-әрекеті және еңбек жағдайы; шаруашылық-тұрмыстық жағдайы (баспананың түрі, тұрмыстық жағдай, тұрмыстық іс-әрекетке кететін уақыт, т.б); дене күші мен қоршаған ортаның әрекеттестігін қайта қалпына келтіруге бағытталған рекреациялық іс-әрекеті; отбасындағы әлеуметтендіру әрекеті (балаға, кәріге, туысқанға қарау); отбасын жоспарлау және отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы; мінез-құлық сипаты және оның әлеуметтік-психологиялық мәртебесін қалыптастыру және т.б енетіні айқындалады.

Жалпы салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттер мен әдепсіз қылықтан арылу, ауырып ем іздемей тұрып, салауатты ғұмыр кешуге жол табу туралы мәселелер ерте кезден-ақ зерделенген.

Гиппократтың трактаттарында медициналық-сауықтыру тұрғысынан мазмұндалады. Ол өзінің «Ауа, су, жергілікті жерлер туралы» шығармасында денсаулық адамның іс-әрекетіне, ойларына, оның өмірлік жағдайлары мен факторларына байланысты болатындығы, нақты қоршаған орта, еңбек, күн көріс, тұлғаның жеке жағдайы ауруды анықтай түсетіндігі туралы айтады. Гиппократтың бұл трактаты денсаулық және салауатты өмір салты жайындағы ілімнің дамуына негіз болады [4].

Сократ табиғи жаратылыстың ерекшеліктеріне назар аударып, адамның өзін-өзі тану мүмкіншіліктері арқылы салауатты өмір салтының терең жағын көре білді. Яғни «өзін-өзі білетін тұлға өзіне тиімділікті таниды, шамасы келмейтін істі түсінеді» дей отырып, адамның сана-сезімі арқылы өзін-өзі танып білуін, соған қарай әрекеттенуін мазмұнды түрде көрсетті [5].

Платон салауатты өмір салты мәселесін философиялық-дүниетанымдық тұрғыдан зерттей отырып, салауатты өмір салтын тәрбиелеуді ерте кезеңнен бастау қажеттігін түсіндірді [6].

Аристотель «Этика, саясат, поэтика» деп аталатын еңбегінде адамның салауатты өмір салтын қоғамдық мазмұндағы мәселе ретінде қарастырып, тәрбиені «денеге қамқорлықтан» бастап, сонан соң «рухани тәрбиеге» ұштастыруды ашып көрсетеді [7].

Ибн Сина [8] денсаулықты сақтау және нығайтуға бағытталған гигиеналық талаптардың кодексін құрады. Ол өзінің «Дәрігерлік ғылымның баспалдағы» атты еңбегінде баланы тәрбиелеуде тәрбиешілердің өз эмоцияларын басқару қажеттілігін мазмұндап, жас буынның санасы мен денсаулығы тәрбиеге байланысты, еңбек пен ұзақ өмір сүру қоғамдық құрылымның басты өлшемі екендігін атап көрсетеді. Сонымен бірге тамақтану, ұйықтау, оқу мерзімдерін сақтау қажеттілігіне, салауатты психологиялық ортаның болуына басты назар аударып, «ерте жастан бастап салауатты өмір салтының мына қағидаларын: жанның ара салмағы (гармониялық дене пішімді сақтау); тамақты таңдау (тамақтану мерзімі); денені тазалау (шлактан, зиянды заттардан тазалау); дене пішімін сақтау; дұрыс демалу; киім тазалығы; дене және рухани қозғалыстың теңдесуі сақтау қажет және ұзақ өмір сүру - адам қоғамындағы рухани және табиғи үйлесімділіктің іске асу болжамдарының бірі», - деп есептеді.

Әл-Фараби [9] тәрбие мәселесіне бағыт-бағдар бере отырып, «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбегінде бала денесін жетілдіруді, оның бойындағы абзал қасиетті тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту қажеттігіне, өз денесінің жетілуіне қол жеткізуіне тоқталады. Ол «дененің саламаттылығы» ұғымын енгізе отырып, әр адамның тәрбиесінде мынадай үш қасиет болу қажет деп есептейді: *дене күші*,

рухани және ақыл-ой, осы үшеуі өзара үйлесімді дамыған жағдайда ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға болатынын және мерзімді тамақтанумен денсаулық, тұрақты еңбекпен күш, сенімді іс-әрекетпен ой-сана пайда болатындығын дәріптейді. Адамның денсаулығын алдын ала сақтау мен нығайтудың қажеттілігін ерекше атап көрсетеді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының маңызы ерекше. Ол *«кемел адам»* ұғымын енгізе отырып, оның бойында жомарттық, саламаттылық, білімділік, ақылдылық, бір сөзде тұру, ширақтық және т.б. қасиеттері болуы қажет», - дейді. Сонымен бірге баланың тәні мен жанының жақсы жетілуіне назар аудару ата-ананың басты парызы дей келе, балаға өмірдің әрбір сағаты санаулы екенін, сол себепті оны дұрыс өткізу қажеттігін былай ескертеді: *«Кешкен тірлік өте берер келгісіз, қалған өмір қанша екені белгісіз. Қалған күнді текке зая кетірме, еліңді ибадат қып бекін де ...»* [10].

Студент жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегінің орны ерекше. Бұл шығыс медицинасының үлгісімен жазылған, бірнеше ғылымдардың басын біріктіретін, адам баласының ең басты байлығы – денсаулықты сақтап, сырқаттарды емдеудің негізін қалаған терең де тарихи ғылымнама, сонымен бірге ұлттық психологиядан бастап болашақтың салауаттылығына, имандылығына арналған мол мағлұмат алуға болатын шығарма. Онда дене мен рухани дүние тұрғысында жас буынның сұлулықты түсіне білулеріне ерекше көңіл бөлінеді. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы *«адам қалыпты өмір сүру үшін 12 нәрседен: жаратылыста жаныңнан; ақылыңнан; ел бастаушы көсеміңнен; шешеніңнен; көппен көресің, еліңнен; жаныңды алса да, сырыңнан; жаман деп қатыныңнан, көшем деп отыныңнан; ризғысыз пенде болмас, даяр асың – малдан; ағайын, туыс, дос-жарансыз кім бар? болмашқа өкпелеп, досыңнан; қырық найза қарғы деп, қарқудай баспанаң – қосыңнан; пенде қару санаты бес қаруды тастама, шыбын жаның шыққанша намысыңнан айырылмауы және өте шығар сұм жалған, боқшылыққа қайырылмауы керек екендігін айтады. Және де адамның сыртқы пішіміне, көрінісіне аса назар аудара отырып, егер адамның сырт киімі таза, тартымды, сұлу келбетті болса, онда ол оның көңіл-күйін жақсартып, жүрек жылуын оятады. Бала дені сау болуы үшін жас кезінен бастап оны шынықтыру қажет, дене еңбегімен шұғылдандырып тәрбиелеу керек», - деп есептейді. Сонымен қатар адамның дене қуаттарын жаншылық қуат, жаршылық қуат, ғаршылық қуат, таршылық қуат және баршылық қуат деп бөліп, оларға жеке-жеке анықтама берген* [11].

Сонымен салауатты өмір салтын қалыптастыру теориясының көпжылдық тарихы белгілі бір кезеңдерде арнайы ғылыми пәндерде: медицина, дене тәрбиесі және спорт, педагогика, әлеуметтануда жинақталатын білім жүйесін көрсетеді. Бұл білім алдымен, эмпирикалық тәжірибеде жинақталса, кейіннен салауатты өмір салты теориясы ғылыми әдістер арқылы арнайы зерттеудің нәтижесінде танылды. Сондықтан 1980 жылы И.И.Брехман [12] «медицинамен ынтымақтасқан ғылым» - валеологияны бөліп көрсетеді. Салауаттану (валеология) ол латынның «valeo» - дені сау және гректің «logos» ғылым деген сөздерінен құралған, яғни дені сау адамдардың денсаулығын сақтау жөніндегі ғылым дегенді білдіреді.

Қазақстанда валеология ғылымын алғаш енгізушілердің бірі Х.Қ.Сатбаева болды, ол денсаулықты сақтауға себеп болатын компоненттерді: тиімді тамақтану; табиғатына орай қимыл белсенділігі; шынығу; психикалық денсаулыққа деген оң көзқарас; тән және киім күтімі; тұрмыстағы нұқсан келтірмейтін, қалыпты жыныстық құлық; темекіден, есірткіден, алкогольден және орынсыз дәрі-дәрмектен бас тарту; экологиялық жағымды мінез-құлық жіктеп көрсетеді [13].

Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйесіндегі *салауатты өмір сүруді қалыптастыру тұжырымдамасының мақсаты* – Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде валеологиялық білімді кешенді ғылыми зерттеу. Бұл мақсат төмендегі нақты міндеттер арқылы жүзеге асады: білім беру мекемелерінде салауатты өмір сүруді қалыптастыру бойынша білімдендіру бағдарламаларын ендіру үшін әлемдік тәжірибелерді оқыр-үйрену; Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде салауатты өмір сүруді

қалыптастыру проблемаларының бүгінгі жағдайын сараптау; ауру түрлерінің пайда болу факторларының кең етек алуын оқып-үйрену, оның оқушыларға тигізетін зардабын анықтау; салауатты өмір сүруді қалыптастырудың тұжырымдамалық негізін ашу; үздіксіз білім беруде салауатты өмір сүруді қалыптастырудың стандарттарын жасау [14].

Денсаулықты қалыптастыру үдерісі оны қайта қалпына келтіру, сақтау және нығайту кезеңдерінен тұрады. Адамның денсаулығы оған әсер ететін факторларға (өмір салты, өмір сүретін ортаның жағдайы, медициналық көмек, тұқымқуалаушылық) да байланысты. Бұл факторлардың адамның денсаулығына әсер етуінің пайыздық көрсеткіштерінің өмір салтына (50%), өмір сүретін ортаның жағдайына (20%), биологиялық факторға, яғни, тұқымқуалаушылыққа (20%), денсаулық сақтау шараларына (10%) байланысты екендігі дәлелденген.

Соның ішінде, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін бір-бірімен тығыз байланысты үш факторды ерекше бөліп көрсетуге болады: биологиялық (дене бітімінің саулығы – генетика бойынша (тектілік, тұқымқуалаушылық), психологиялық (көңіл-күй, рухани мәселесі), әлеуметтік (қоғамдағы бағыты, ұстанымы, қарым-қатынасы). Осы үш фактордың қайсысын алып қарасақ та, «қоғам – адам – денсаулық» байланысын көрсетеді және оның ажырамас бөлігі екендігі айқын.

Салауатты өмір салты адамның денсаулығы, оны дамыту және нығайту үшін кәсіптік, қоғамдық, тұрмыстық қызметтерін тиімді орындау мүмкіндіктерін біріктіреді, іс-әрекеттерінің бағдарын көрсетеді. Жеке бас тазалығы - адамның жалпы мәдениетінің сипаты. Тазалық дегеніміз әрбір адамның салауатты өмір бейнесі, оған тұрмыс гигиенасы, дұрыс ұйқы, еңбек және демалыс секілді талаптар кіреді.

Көптеген мемлекеттерде волонтерлік қозғалыс кеңінен таралған және өмірдің қиындықтарына ұшыраған адамға көмектесудің табиғи қажеттілігімен дәлелденген әлеуметтік феномен ретінде қоғамдық өмірге теңқұқылы қатысуы үшін жағдай жасауда өзінің күштерін біріктіреді.

«Волонтер» сөзінің мазмұны адамның әлеуметтік маңызды мақсаттарға қол жеткізуге, қауымдастық мәселелерін шешуге бағытталған, ақы төленбейтін, саналы, ерікті іс-қимыл әрекеттері дегенді қамтиды. Волонтерлік бір жағынан, игілікті іс-әрекет, екінші жағынан, алдымен өзіне жол ашу, тұлға болып қалыптасу, ол жастар арасындағы азаматтық төзімділік, сабырлылықтан, толеранттылықтан, салауатты өмір салтына деген ұстанымынан көрінеді. Волонтерлік көмектесу мақсатында адамның өзіндік шешім қабылдауға талпынысы, белсенді әрекеттің өзіндік ерекше формасы болып табылады.

Қорыта келгенде, студент жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеудің ерекшеліктері нақты әлеуметтік және табиғи орта жағдайында адамның генетикалық әлеуетін нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өмір сүрудің тәсілдері мен құралдарының жиынтығын және физикалық, психологиялық, әлеуметтік денсаулықты қайта қалпына келтіруге, сақтауға әрі нығайтуға белсенділік пен бағыттылықты сипаттайтын тұтас іс-шаралар жүйесін сипаттайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат. №1, 2013. – 5 - 27 бб.
2. Всемирная организация здравоохранения, история, проблемы, перспективы. /Под ред. Д.Д. Бенедиктова. - М., 1975.
3. Медицинская энциклопедия: (Электронный ресурс.- 2005).
4. Гиппократ. Этика и общая медицина (перевод В.И.Руднева). – СПб., 2001.
5. Сократ Соч. В 6-т. –М., 1965. -560с.
6. Платон. Сочинения. В 4-х т. - М., 1965 -564с.
7. Аристотель. Сочинения. В 4-х т. – М.: Мысль. 1976. – Т. 1. -550с.
8. Ибн-Сина. Избранные философские произведения.-М.: Просвещение, 1980. – 157 с.

9. Аль - Фараби. Социально-этические трактаты. - Алма-Ата: Наука, 1973. - 399с.
10. Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы: Жазушы, 1995. - 420б.
11. Тлеукабылұлы Өтейбойдақ. Шипагерлік баян //Араб қарпінен көшіргендер – Керім Елемес, Дүкен Мәсімхан. – Алматы: Жалын, 1996.
12. Брехман И.И. Валеология – наука о здоровье. – М., 1990. – 27 с.
13. Имангалиев А.С. Развитие педагогической валеологии в системе оздоровительной физической культуры старшекласников: 13.00.01. Дисс...д.п.н. -Атырау, 1999. - 343 с.
14. Концепция формирования здорового образа жизни по программе «Валеология как быть здоровым» в системе непрерывного образования Республики Казахстан. //http://education.unesco.ru . – Алматы, 2008.

УДК:159:378(575.1.)

ДИНАМИКА ВЛИЯНИЯ МОТИВА АФФИЛИАЦИИ НА ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ОБЛИКА СТУДЕНТОВ

Норкулова Наргиза Ташпулатовна

nargiza.norkulova@mail.ru

Молодой учёный, старший преподаватель кафедры «Педагогика, психология и менеджмент образования» института повышения квалификации и переподготовки учителей народного образования, Ташкент

Научный руководитель – В.М.Каримова

Проблема нравственности, нравственного развития современной молодёжи в существующих социально-экономических и политических условиях актуальна. Обусловлена она прежде всего широкой распространённостью некоторых негативных форм социального поведения, как стремление к одиночеству, переоценка ценностей в пользу только своего «Я», состоянием эмоциональной дезадаптации в молодёжной среде, ростом числа суицидов и тд. По этой причине мы решили изучить природу социальной аффилиации как мотива, играющего важную роль в становлении активной гражданской позиции молодёжи и формирования духовных, моральных качеств личности будущих специалистов.

Следует отметить, что по природе в каждой личности имеется потребность в аффилиации (от англ. toaffiliate - присоединять, присоединяться). В новейшем психологическом словаре В. Шапаря даётся следующая трактовка данной мотивации: «Мотив аффилиации - стремление человека быть в обществе других людей, способствует прямому снижению тревожности, смягчая последствия как физиологического, так и психологического стресса» [1].

Значительное количество исследований свидетельствует о положительном эффекте мотива аффилиации- повышении эффективности учёбы, труда, росте успеваемости, в межличностных взаимоотношениях, появлении психологического комфорта. К примеру, роль потребности в эмоционально-доверительных контактах в структуре мотива аффилиации изучалась в работах Я. Мазуркевича, Е. Мелибруды, К. Обуховского[2], И. Кузнецовой[3], Buunk В.[4], а также, в исследованиях Н. Твороговой[5], которая изучала роль мотива аффилиации в повышении эффективности в учёбе и труде.

Ведь именно эта потребность, как указывают авторы помогает человеку успешно взаимодействовать с окружающими, входить в эмоционально-доверительное общение, т. к. посредством подобного общения человек имеет возможность узнать себя глубже, понять и в результате быть менее одиноким в нашем постоянно меняющемся мире[5],[6],[7].

В своей статье мы хотели показать насколько важное значение имеет развитие данной мотивации для сплочённости молодёжных групп. Для этого мы решили предоставить эмпирические данные по измерению мотива аффилиации среди молодёжи и его влияние на формирование духовно-нравственного облика молодёжи.